



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 5 шілде

«Қазақстан Республикасы азаматтарының борыш жүктемесін азайту шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 маусымдағы № 34 Жарлығын іске асыру шаралары бекітілді

Ұлттық Банк ««Қазақстан Республикасы азаматтарының борыш жүктемесін азайту шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 маусымдағы № 34 Жарлығын іске асыру шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 2 шілдедегі № 116 қаулысының (бұдан әрі - Қаулы) қабылданғаны туралы хабарлайды.

Қаулы «Қазақстан Республикасы азаматтарының борыш жүктемесін азайту шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 маусымдағы № 34 Жарлығы 2-тармағының 1) тармақшасын іске асыру мақсатында қабылданды және екінші деңгейдегі банктерде және микроқаржы ұйымдарында кепілсіз тұтынушылық қарыздары бар Қазақстан Республикасы азаматтарының 2019 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша есептелген (тиесілі) тұрақсыздық айыбын (айыппұлдар мен өсімпұл) өтеудің мынадай тетігін көздейді:

1) «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) облигацияларды шығарады және оларды орналастырады;

2) екінші деңгейдегі банктер және микроқаржы ұйымдары 2019 жылғы 30 шілдеге дейінгі мерзімде есептелген (тиесілі) тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар мен өсімпұл) бойынша берешекті кешіреді және 2019 жылғы 2 тамызға дейінгі мерзімде «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-қа (бұдан әрі – Кредиттік бюро) банктік қарыз шарттары бойынша кешірілген тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар мен өсімпұл) сомалары және 2019 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша микрокредит беру туралы ақпаратты Кредиттік бюро белгілеген нысан және өлшем бойынша жібереді;

3) Кредиттік бюро 2019 жылғы 9 тамызға дейінгі мерзімде Қорға әрбір қарыз немесе микрокредит бойынша кешірілген тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар мен өсімпұл) сомалары туралы ақпарат жібереді;

4) Қор 2019 жылғы 15 тамызға дейінгі мерзімде әрбір екінші деңгейдегі банкпен және микроқаржы ұйымымен осы Қаулыда көзделген талаптармен кешірілген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдар мен өсімпұл) бөлігін өтеу туралы және екінші деңгейдегі банктердің және микроқаржы ұйымдарының тұрақсыздық айыбын (айыппұлдар мен өсімпұл) төлеу бойынша іс жүзінде кешірілген берешегі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсыну міндеті туралы ережені көздейтін келісімді (бұдан әрі – Келісім) жасайды;

5) Қор 2019 жылғы 20 тамызға дейінгі мерзімде Келісім негізінде Қазақстан Республикасының азаматтарына кешірілген жойылған тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар мен өсімпұл) бойынша 30 (отыз) пайызды өтейді.

Осы тармақтың мақсаттары үшін жеке тұлғаға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес мақсаттарға берілген, беру сәтінде кепіл туралы талабы жоқ банктік қарыз және (немесе) микрокредит кепілсіз тұтынушылық қарыз болып табылады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 591

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz